

Жаңаөзен әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 1 желтоқсандағы № 454 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2025 жылғы 5 желтоқсанда № 37534 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Жаңаөзен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Жаңаөзен қаласында жолаушылар мен багажды қалалық және қала маңындағы қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың тарифін белгілеу туралы" Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 30 наурыздағы №138 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4470 болып тіркелген);

2) "Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 138 "Жаңаөзен қаласында жолаушылар мен багажды қалалық және қала маңындағы қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың тарифін белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №706 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25896 болып тіркелген).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жаңаөзен қаласының әкімі

Ж. Қайнарбаев